

Аптадағы ауа райы	Уақыт (жергілікті)	19/10 БС	20/10 ЖМ	21/10 СН	22/10 ЖК	23/10 ДС	24/10 СС	25/10 СР
Ауаның температурасы, С°	06 с. 18 с.	+3 +7	+1 +7	+1 +6	+2 +4	-3 +1	-2 +3	0 +3
Жауын - шашын (тәулік ішінде)		☁	☁	☁	☁	☁	☁	☁
Атмосфералық қысым мм сын. бағ.		738	735	732	721	730	733	731
Желдің бағыты		Б	О-Ш	О-Б	О	С-Б	О-Б	О-Ш
Желдің шапшаңдығы		5	2	4	5	6	6	3

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

Бір жылға алдын ала мәртебе: МӘМС-ке қатысудың жаңа тетігі бойынша дербес төлеушілерден 10 сұрақ

Жалғасы. Басы 7-бетте.

Жоқ, бұл төлемдерді қайтаруға болмайды, өйткені олар артық немесе қате төленген деп саналмайды. Алайда, әр жағдайды жеке қарастыруға болады. Мүмкін, адам бір кезеңде жарналарды екі рет төлеген немесе төлем жасау кезінде қандай да бір қате жіберген, мысалы, ЖСН-ді дұрыс көрсетпеген шығар. Мұндай жағдайларда «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына өтініш жазып, қаражатты қайтару үшін растайтын құжаттарды қоса беруге болады. Егер мен жеңілдік санатында болсам, содан кейін одан шықсам маған міндетті түрде бір жыл бұрынға жарна төлеу керек пе немесе ай сайын төлем жасай аламын ба?

МӘМС-ға жарналар төлеу міндеті халыққа заңмен бекітілген, бірақ төлем әдісін адам өзі анықтайды. Бұл жағдайда бірнеше нұсқа болуы мүмкін.

Бірінші. Егер сіз бір жылдан астам уақыт бойы үздіксіз жеңілдік санатында болсаңыз және мемлекет сіз үшін шегерім жасаған болса, жеңілдік мәртебесінен шыққаннан кейін сіз үнемі төлемдер жасап, сақтана аласыз.

Екінші. Егер сіздің жеңілдік мәртебеңіз бір жылдан аз уақыт ішінде белсенді болса және оған кіргенге дейін төленбеген айлар болса, сіз дереу мәртебені алу үшін қарызды төлеп, үнемі аударымдар жасауды жалғастыра аласыз немесе ағымдағы ай мен келесі 12 айдағы жарналарды төлей аласыз. Егер сіз жарналарды келесі жылға ғана төлейтін болсаңыз, онда сіз бірден емес, келесі айдан бастап ғана мәртебеге ие боласыз.

Егер мен БЖТ төлеушімін және қыркүйек айында жарналар төлеген болсам, мен де бір жылға мәртебе ала аламын ба?

Бұл механизм тек тәуелсіз

төлеушілер үшін қарастырылған. Сіз төлеушілердің осы санатына оңай ауыса аласыз, содан кейін бір жылдағы мәртебе сізге қолжетімді болады. Егер сіз БЖТ төлеуші санатында қалғыңыз келсе, болашақ кезеңдерге төлемдер жасай аласыз, бірақ тек осы жылдың соңына дейін.

Нәліктен? Біріншіден, келесі жылдан бастап бірыңғай жиынтық төлем мөлшері өзгеруі мүмкін. Екіншіден, азаматтардың кейбір санаттары БЖТ төлеушілерден шығарылады. Бухгалтерлік есеп немесе аудит, сақтандыру қызметі саласында және құқық, әділет және сот төрелігі саласында консультациялық, маркетингтік қызметтер көрсететіндер.

Бүгінгі таңда Салық кодексінің 774-бабына сәйкес, бірыңғай жиынтық төлемді шетелдік азаматтар, жұмыскерлер, жеке кәсіпкерлер, жеке практикамен айналысатын адамдар, азаматтық құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыскерлер, сондай-ақ коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беретіндер төлей алмайды.

Тағы не білу маңызды?

Төлемдердің болуы және бір жылға мәртебе беру туралы ақпаратты сақтандыру мәртебесін тексеретін тәсілдермен алуға болады. Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы немесе Telegram SaqtandyruBot арқылы.

Төлемдер мен мәртебе туралы ресми құжатты мемлекеттік қызметтер арқылы eGov.kz электрондық үкімет порталынан алуға болады «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне медициналық көрсетілетін қызметті тұтынушы ретінде қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат ұсыну».

Сіз 12 айға төлемдерді бірден жасай алмайсыз, өйткені жүйе әр ай үшін төлемді бөлек оқиды.

Жарналарды төлеу кезінде қателіктер жіберілмегеніне көз жеткізу керек. Әйтпесе, төлем жүйеге кірмейді және сізге мәртебе берілмейді. Енгізілген ЖСН, төлем кезеңінің және төлем енгізілетін жылдың дұрыстығын қайта тексеріңіз.

Егер бір айда қате жіберілсе немесе екі рет төленсе, қате төленген төлемді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына өтініш жазу арқылы қайтаруға болады.

МӘМС жарналарын екінші деңгейдегі кез келген банк, банктердің мобильді қосымшалары, жылдам төлем терминалдары және «Қазпошта» филиалдары арқылы төлеуге болады.

Егер сізде медициналық көмек көрсету сапасына қатысты сұрақтарыңыз болса, сіз оларды өз емханаңыздағы Пациенттерді қолдау қызметіне қоя аласыз. Егер жағдайды сол жерде шешу мүмкін болмаса, онда өзіңізге ыңғайлы байланыс арнасы арқылы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жүгінуге болады: fms.kz ресми сайты, 1406 байланыс орталығы, Telegram-дағы SaqtandyruBot және Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы.

Дәл осындай құралдар сақтандырылу мәртебесін тексеруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебеңізді тексеріп, жүргізілген төлемдер туралы ҚР egov.kz электрондық үкіметінің сайтындағы «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Медициналық қызметтер туралы және МӘМС-те аударылған сомалар туралы ақпарат» мемлекеттік қызметі арқылы біле аласыз.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі

Хабарландыру

«Саумалкөл СУТ» ЖШС атмосфераға шығатын зиянды заттардың рұқсат етілетін нормативтерінің жобасын, өндірістік экологиялық бақылау және қалдықтарды басқару бағдарламасын, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ісшаралар жоқпарын талқылау бойынша ашық жиналыс фомасында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Аумағына өсер етуі мүмкін қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық және аумағында тыңдаулар өтетін бірліктердің тізбесі (егер тыңдаудың бір әкімшілік-аумақтық бір тақырып бойынша өтетін болса): Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы.

Қоғамдық тыңдау 24-қараша сағат 15.00-де Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, Уәлиханов көшесі, 44 мекенжайында орналасқан «Айыртау ауданы әкімінің аппараты» КММ

өтеді. Егерде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі.

Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда және «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» КММ сайтында ұсынылады.

Жоспарланған қызметке ескертулер мен ұсыныстарды арқылы жіберуге болады e-mail: dpr@sko.gov.kz. және esportal.kz.

Бастамашысы – «Саумалкөл СУТ» ЖШС. БСН 220640045412. тел 87751025666

«Иваненко А. А.» ЖК жобаның жобалық құжаттамасын әзірлеуші. ЖСН 830831350314. ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі берген 11.04.2008 ж. №01801Р мемлекеттік

лицензиясы. тел 8(702)1889815 Құжаттама бірыңғай экологиялық порталдың сайтында орналастырылған <https://esportal.kz>, сондай-ақ Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің сайтынан көруге болады <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru>

Қоғамдық тыңдаулар өткізу қызметі туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ e-mail бойынша қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады: consult_escopro@mail.ru.

ЖАО қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты – «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, Мекенжайы: Петропавл қ., Парковая к-сі, 57В, эл.мекен-жайы: dpr@sko.gov.kz. тел 8(7152)533637.

LLF КОКСHETAU турнирінің қола жүлдегерлері

«SPARTA» Сырымбет командасы жыл сайыны LLF Kokshetau турнирінің А лигасында 2022-2023 ж. ж. футбол

Сондай - ақ ауданымызда футболдың дамуына бей-жай қарамайтын адамдардың бар екенін мақтан тұтамыз.



бойынша қысқы маусымның қола жүлдегерлері атанды.

Сырымбет Қайрошұлына зор денсаулық, отбасына амандық, қызметте табыс тілейміз.

Біздің командамыздың ойыншысы Аманжол Нұржан «Үздік қорғаушы» номинациясында жеке марапатқа ие болды.

«SPARTA» Сырымбет командасы маусым бойы бізді қолдап, команданың ойынын тамашалағандардың барлығына шын жүректен ризашылығын білдіреміз.

«Баянтай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Сырымбет Қайрошұлына демеушілік көмек және біздің командамызға артқан сенімі үшін ерекше алғысымызды білдіреміз.

Бөлінген қаражаттың арқасында біздің команда осы турнирде өзін таныта алды және бірлескен күш-жігердің арқасында біз Ақмола облысының командалары арасында қола жүлдегер атандық.



«SPARTA» Сырымбет командасы.

«Лобаново ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-нің азаматтарды жеке мәселелері бойынша 2023 жылдың IV тоқсанына арналған қабылдау кестесі

«Лобаново ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әкімі Шәйгөзов Екпін Еркенұлы әр аптаның сейсенбі, жұма күндері сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Лобаново ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8 (71533) 46-288 сенім телефоны қызмет етеді.

Лобаново ауылдық округі әкімі аппаратының мемлекеттік қызметкерлері мен лауазымды тұлғалардың тарапынан жіберілген құқықбұзушылықтарды, Әдеп кодексі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларды бұзу фактілерін хабарлай аласыздар.

Алдын алу іс-шаралары

Есірткі-өсімдіктер, заттар немесе есірткі құралдары болып саналатын препараттар, психотроптық заттар, олардың аналогтары, теріс пайдалану тудыруы мүмкін зарлаптарға байланысты қоғамдық денсаулыққа ықтимал қауіп төндіреді.

Есірткі заттарды тұтынудың адам денсаулығына зор зиянын, сондай-ақ нашақорлықтың жағымсыз әлеуметтік салдарын ескере отырып, есірткіні тұтыну, ұрлау, сақтау, тасымалдау, тарату және басқа да заңсыз әрекеттер үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік көзделген.

Бұл ретте атап кететін маңызды мәселелердің бірі – қылмыстық жауапкершілікке кей фактілер бойынша 14 жасынан бастап тартылады.

Саумалкөл ст.ЖПБ бастығы полиция подполковнигі С.Қошқарбаев, ЖПБ ППТ-нің полиция полиция старшинасы С.Шортаевпен бірлесіп есірткі заттарын сақтау, сату, ұрлау, тасымалдағаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілігі және есірткінің денсаулыққа деген залалы туралы жолаушы пойыз, электропоезд, теміржол вокзалы күту залындағы жолаушыларына тұрақты алдын алу іс-шараларын өткізіп тұрады.

Осы алдын-алу іс-шаралардың мақсаты – халықты нашақорлықтың зияны туралы ақпараттандыру, нашаорлық бойынша сауаттылықты арттыру және есірткі қылмысының алдын алу.

Саумалкөл станциясы желілік полиция бөлімі

Меншік иесі және басып шығарушысы «Айыртау-Информ» ЖШС-і. Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша басып шығарылады және мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуде ресми басылым болып табылады.

«Айыртау-Информ» ЖШС директоры Ирина БУРКОВСКАЯ

Редактор Әйгерім ОМАРОВА

Редакцияның адресі: Солтүстік Қазақстан облысы, Саумалкөл селосы, Конституция көшесі, 72. Телефон 21-4-85, эл пошта:airtau_tany@mail.ru

Тілші Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА

Басушы-терюші Елена НЕСВЕТЕЕВА

Оператор-дизайнер Ярослав ГЛИНКИН

Газет Петропавл қ., Мүсірепов көшесі 34 В үйдегі «Газетный двор» ЖШС-і баспасында басылған.

Индексі 65845. Таралымы 400, тапсырыс № 1055

Қазақстан Республикасының Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігінде

30.05.2008 жылы есепке қойылған Есепке қою № 9246-Г.

Газет бейсенбі күні шығады.

Газетте жарық көрген оқырман пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді, жарияланбаған материалға жауап берілмейді.